



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2012 жылдың бірінші тоқсаны бойынша қорытынды мәлімет

Тарих/Қатысушылар:

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды. «Теңізшевройл» ЖШС-нің қазіргі кездегі серіктестері: «Шеврон» – 50%, «ҚазМұнайГаз» АҚ – 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Инк.» – 25% және «ЛукАрко Б.К.» – 5%.

Өнім өндіру/Қорлар:

- Теңіз кенішінің өнімді қабаттарындағы 2033 жылдың сәуір айына дейінгі есеппен алынуға тиісті мұнай қоры 750 миллионнан 1,1 миллиард тоннаға дейінгі мөлшерді (6-9 млрд. баррель) құрайды. Жалпы барланған қоры жөнінен Теңіз кенішінде 3 миллиард тонна (26 млрд. баррель), ал, Королев кен алаңында 190 миллион тонна (1,5 млрд. баррель) шамасында мұнай бар деп есептелінеді. Теңіз коллекторының шеңбері едәуір, ені 19 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль) құрайтын аумақты алып жатыр.
- 2008 жылдың үшінші тоқсанында Теңізшевройл қуаттарды кеңейту жобасын аяқтады. Нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік қуаты шамамен 75 000 тоннаға немесе 600 000 баррельге, ал, газ 22 миллион текше метрге немесе 750 миллион текше пұтқа жетті.

Мұнай өндіру көлемі:

- 2012 жылдың бірінші тоқсанында мұнай өндіру көлемі 6,6 миллион тоннаны (52,3 миллион баррель) құрады.
- ТШО мұнайды бірнеше тасымалдау бағыттары бойынша экспортқа шығарады. ТШО шикі мұнайды Каспий Құбыр Концорциумының құбыры арқылы Новороссийскіге және темір жолмен Одесса, Феодосия және Ақтауға, әрі қарай Батумиге және Кулевиге экспортқа жібереді.

ТШО өнімінің өзге түрлері:

- 2012 жылдың бірінші тоқсанында ТШО сұйытылған газ сату көлемін 281 мың тоннадан астам, ал құрғақ газ сату көлемін 1,7 миллиард текше метрге жеткізді.
- ТШО 702 мың тонна күкірт сатты, бұл аталмыш кезеңдегі өндірілген 519 мың тонна күкірттің 135% құрайды. 2012 ж. 31 наурыздағы мәліметке сәйкес, күкіртті сату бағытындағы табысты жұмыс нәтижесінде Теңіздегі сақталған күкірт көлемі 3,8 миллион тоннаға дейін азайтылды. Теңізшевройл жоғары сапалы күкірттің төрт түрін ең алдымен Жерорта теңізі бассейні мен Орта Азия елдеріндегі тұтынушыларға және Қазақстан, Ресей, Украина, Қытайға өткізуде.

Қаржы көрсеткіштері:

- 1993 жылдан бастап 2012 жылдың наурыз айына дейін ТШО-ның Қазақстанға тікелей қаржы төлемі тұтастай алғанда 63,9 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұған ТШО-ның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақы, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметтеріне жұмсалған қаржы, мемлекеттік кәсіпорындарға берілген тарифтер мен төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген тиісті дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдер кіреді.
- 2012 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан Республикасына төленген тікелей төлемдердің мөлшері 3,8 миллиард АҚШ долларын құрады. 2011 жылғы мемлекетке тікелей төлемдер көлемі 14,4 миллиард АҚШ долларын құраған болатын.

Қазақстандық тауарлар мен қызметтер:

- 2012 жылдың бірінші тоқсанында Теңізшевройл қазақстандық тауарлар мен қызметтерді пайдалануға 372 миллион АҚШ доллары шамасында қаржы жұмсады. 1993 жылдан бастап Теңізшевройл қазақстандық қамтушылардың 11,7 миллиард АҚШ долларын құрайтын тауарлары мен қызметтерін пайдаланды. 2011 жылы ТШО қазақстандық тауарлар мен қызметтерге 1,6 миллиард АҚШ долларын жұмсаған болатын.



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2012 жылдың бірінші тоқсаны бойынша қорытынды мәлімет

Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- 2000 жылдан бері Теңізшевройл қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған жобаларға 2,37 миллиард АҚШ доллар көлемінде қаржы бөлді.
- Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған бұл инвестициялар алауларда жағылатын газдың жалпы көлемін 2000 жылдан 94%-ға азайтуға мүмкіндік берді.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 73%-ға азайды. 2011 жылы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі ТШО өндірген мұнайдың бір тоннасына шаққанда, орта есеппен, 2,28 килограмды құрады. ТШО 2000 жылдан бері жылдық мұнай өндіру көлемін 146% өсірді.
- 2000 - 2011 жылдар аралығында қоршаған ортаны қорғау шараларына жұмсалған инвестициялар КТЛ-дағы техникалық ақаулар санын 81%-ға, ал техникалық ақаулар кезінде алауларда жағылатын шикі және қышқыл газ мөлшерін 87%-ға азайтуға ықпалын тигізді.

Қызметкерлер:

- ТШО-да жұмыс жасайтын қазақстандық қызметкерлердің үлесі 1993 жылғы 50% көрсеткішпен салыстырғанда 86% құрайды.
- ТШО-дағы жергілікті ұлттық басшылардың, орта буын жетекшілерінің үлесі жалпы басшылық құрамның 75% құрайды. Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде жауапты басшылық лауазымдарға тағайындалған жергілікті қызметкерлер қатары көбейе түсуде.

Әлеуметтік салаға үлес:

- 1993 - 2011 жылдар аралығында ТШО өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 700 миллион АҚШ долларға тең қаржы жұмсады.
- 2011 жылы ТШО «Игілік» бағдарламасына 20 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлді. Оның едәуір бөлігі Құлсары қаласының сумен жабдықтау жүйесін қайта жүргізуге жұмсалды. Жалпы құны 60 миллион АҚШ долларын құрайтын Құлсары қаласының сумен жабдықтау жүйесін қайта жүргізу жобасының құрылысын одан әрі жалғастыру үшін ТШО 2012 жылы «Игілік» бағдарламасына тағы 20 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлді. Аталмыш қаржының негізгі үлесі Құлсары қаласының сумен жабдықтау жүйесін жаңарту жобасына жұмсалуда.
- 2012 жылы Атырау облысының денсаулық сақтау, білім және оқыту салаларының сапасын жақсартуға көмектесу үшін ТШО-ның жергілікті қауымдастыққа инвестиция жасау бағдарламасына шамамен 1 миллион АҚШ доллар көлемінде қаржы бөлінді.